

М.: Академический Проект; Екатеринбург: Деловая книга, 2004

В статье рассматриваются стихи Абая Кунанбаева, которые отражают суфийское мировоззрение поэта. Творчество казахского поэта трудно отнести к суфийской поэзии, так как мы не можем обнаружить в ней суфийские элементы. Однако при интерпретации некоторых философских стихов можно найти целый пласт суфийского восприятия и

суфийского мышления в рассмотрении некоторых метафизических вопросов.

The article deals with Abay Kunanbayev's poetry which reflects his sufi's philosophy. It is difficult to refer his works to sufi poetry utterly and completely. But it is possible to find sufi's perception and reflection in his metaphysical problems consideration.

П.Т. Әуесбаева

ЭПОС ПЕН ЕРТЕГІНІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

Бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның қол жеткізген бедел-абыройы - бір күннің жемісі емес. Ол - сан ғасырлар бойғы халықтың азаттық, бостандық сүйгіш арманының шындыққа айналған дәуірінің, кемел кезеңінің сипаты. Халық қашанда елдің тәуелсіздігі үшін күресіп, қол бастаған батырлары мен ел мұң-мұқтажын айтқан ақындарын аялап, оларды дәріптеп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген. Адам баласы санасының өсіп, тіршілік үшін күрес күрделенген сайын тәуелсіздік, бостандық жайлы ұғымдары да күрделене түскен. Алғашқыда табиғат құбылыстарының қиындықтарын жеңіп, өз үстемдігін орнату жолындағы күрес келе-келе өз ру, тайпасының өзгелерге кіріптар болмауы үшін күреспен ауысқан. Сондықтан, ежелгі миф енді ру-тайпа қорғанына айналған батырларын дәріштейтін әңгіме, ертегі, өлең-жырларды тудырған. Ол батырлардың негізінде, көне мифтік ұғымдардағы ілкі ата, мәдени қаһарман образдарының өзгерген қасиеттері көрініс береді. Халық үшін, қарақан басы үшін емес, қауымның қамын жеп, қауіп-қатердің қандайынан да қаймықпайтын батырлар тұлғасы аса қадірлі. Ел тілегінің болашақтан үміті болған мұндай батырлар нақтылы тарихи кезеңдердегі тәуелсіздік жолындағы күрестерде көбеймесе, азайған жоқ. Басқасын былай қойғанда, көшпелі өмір кешкен қазақ халқының жоңғарлармен жүргізген азаттық үшін соғысы мен ресей отаршылдығына қарсы Исатай – Махамбет, Досан, Бекболат т.б.

бастаған ұлт-азаттық көтерілістері қазақтың ежелден еркіндік аңсаған арманының жалғасы болды. Осындай ұлы оқиғалардың барлығында халық сүйенішті өзінің дәстүрлі рухани дүниесінен тапты. Ауызша сөз өнері өзінің жауынгерлік қызметін кеңейтті. Бұл тұста тек өлең, эпос қана емес, прозалық фольклор үлгілерінің, соның ішінде ертегілердің де үлкен рөлі болғаны байқалады. Күнделікті тіршілік барысындағы әңгіме, сөз арқылы да, жас ұрпағына айтар ертегі-аңыз арқылы да еркіндік, бостандық жайлы идеяны өмірдің негізгі тақырыбына айналдырған.

Халқымыздың ел іргесін берік ұстап, өзгелермен тең дәрежеде бейбіт қатар өмір сүруінің тарихы тым тереңнен бастау алады. Еркіндік, азаттық ұғымдарының аясын кеңейтіп, эпикалық ауқымда ой айтудың күрделенуіне, ертегі жанрына тигізген эпостың әсерін мысал етуге болады. Бұл ретте батырлық ертегі мен көне эпостың қарым-қатынасына көңіл аударамыз.

«Егер қаһарман барлық күшін сарқа пайдаланып, небір қиындықтарды жеңіп шықса, ол батыр атағына ие болады да, мұндай қаһарманы бар ертегі өзіндік ерекшелігімен дараланатын, батырлық ертегілер деп аталады. Екінші жағынан, дәстүрлі композициядан ауытқу қиял-ғажайып ертегілеріне жақын әрі біршама бөтен идеялармен байланыстырылады» /1, 215/.

Яғни, ертегі сюжетіндегі эпос әсері кейіпкер мақсатының мәнінен айқын

танылады. Ол өз күш-қайраты мен ер жүректігі арқылы негізгі жауын жеңеді. Қалған әрекеттер соның аясында ғана көрінеді. Ашық соғыста, жекпе-жекте жеңу – хас батырға тән қасиет. Осы қасиетті эпос ертегі кейіпкерінің бойына дарытады. Өйткені, қазақ фольклорындағы образдар шынайылығы халықтың «адам баласын сүйе біл, еңбек пен ерлікті қастерле, досқа жылы, қамқор, дұшпанға берік бол, жас та болсаң, елге ағалық көрсете біл, өмірден үйрен де, өрге, өнерге ұмтыл» дейтін ғибратты тағлымынан туындайды. Бұл - халықтың ғасырлар бойғы адам, әсіресе, жас ұрпақ тәрбиесі үшін аса қажетті талаптарына жауап берген, ертегі мен эпостағы көптеген образдардың мінез-құлықтары, психологиясы арқылы көрінетін бірлік пен араздық, достық пен жаулық, өмір мен өлімнің шендесуі - халықтың арман-аңсарының фольклордағы бейнеленуі. Сол арқылы батырдың жан-дүниесі таза, рухы күшті ел қорғаны болар ерді ардақтап, ұрпағына тағлым еткен.

«Қазіргі ұлан-асыр эпикалық дәстүріміздің туып, қалыптасқан бастау кезінде, сөз жоқ, жан-жақты дамыған көне эпостар тұрды. Оны айғақтайтын жекелеген жырлар да, салыстыра қарағанда кейін қалыптасқан эпостардағы ежелгі қабаттар да жетерлік. Дегенмен, мына жағдайды айрықша ескеру қажет. Қазақ эпосы, тұтастай алған өзінің стадиялық-жанрлық белгісі бойынша, Солтүстік, Қиыр Шығыс, Сібір, Алтай халықтарының эпикалық дәстүрімен салыстырғанда ілгері кеткен, даму деңгейі бойынша жаңа сатыға көтерілген. Рулық қауым ыдырап, оның орнына феодалдық-патриархалдық қоғамның келуіне байланысты, саяси-әлеуметтік өзгерістерге лайық эпостық дәстүріміз түрлі эволюциялық өзгерістерді, жіктелуді бастан кешірді» /2, 276/.

Ертегілердің дамып, жанрлық жіктелу процесінде сюжеттегі әрі қиял-ғажайыптық, әрі батырлық сипаттардың қатар өрілуі көрініс тауып, батырлық ертегіге тән белгілер басымдық ала бастайды. Мәселен, «Байғұлан» ертегісін батырлық ертегі қатарына жатқызуға негіз болатын басты шарттардың бірі – онда батырға тән серттің қатаң сақталуы.

«Бір күні Байғұлан аң аулап келе жатса, бір таудың басында үлкендігі өзінен екі есе бір адам жатқанын көреді. Батыр басында қорқыңқырап, жанына барады да «Мұны осылай, ұйықтап жатқан кезінде атып өлтірейін» деп ойланып, садағын қолына алады. «Егер де оянып кетсе тағы, бұл алғызбас», – деп, артынан тағы өзін-өзі тоқтатады. «Менің батырлығым қайсы? Бір кісіден бір кісінің қорыққаны елден ұят тағы, егер де біреу естіп жүрсе, маған бір өлім», – деп, әлгі жатқан адамды атпастан атынан түсе қалып, жанына барып, түртіп еді, керек қылмастан жата береді, қандай қатты түртсе де. Ақырында Байғұлан ашуланып, қолындағы қамшысын екі бүктеп алып, қақ маңдайынан екі салады. Бұл ұрған кезде адам маңдайына бір шыбын қонған секілді маңдайын бір сипап, жата береді. Бұдан кейін Байғұлан: «Менің қолымның қаруы қайда кеткен?» – деп, қайта маңдайынан салып жібергенде, сол адам атып тұрып, алыса түседі. Бұл екеуі сол жерде екі түн, екі күн алысып, ақырында, Байғұлан алып соғып, ортан жілігін сындырып, өзінің тұрса, шөкпейтін, шөксе, тұрмайтын бір түйесін үстіне әкеп, шөгеріп тастайды да, өз жайына жүре береді де, кешке жақын үйіне келеді» /3, 106/. Яғни, батырға тән қасиет тек соғыс үстіндегі күштілік қана емес, ерлік дәстүріне тән заң-қағидаларды бұлжытпай сақтай білуінде. Ертегі оқиғасындағы бас кейіпкер Байғұланның мұнан кейінгі оқиғалардағы іс-әрекетінің солғындығына қарамастан, оның батырлық ертегіге айнала бастағанына дәлел бола алады. Сюжеттің түйініндегі батырға тән қарудың құдіретін көрсетуі - осының дәлелі. Әкелі - балалы батырлардың бірін-бірі танымай кездесуі – ең көне анаеркі кезіндегі салттардың жаңғырығы. Ал, Байғұланның жасырынып келіп, атыс жарысына қатысқан тұстағы шарт қоюшы Қарабатырдың талабымен оны орындаудағы іс-әрекеттері, жаудың сескенуі - ежелгі батырлық қасиеттердің белгілері.

« - Мына иттің баласына Байғұланның мылтығын әкеп бер, оны сындыра алмаса, қазір басын кесейін», – дейді. Байғұланның мылтығын сегіз адам

зорға көтеріп, алып келеді. Сол кезде Байғұлан ұстап тұрып: – Есіл мылтығым, халқым үшін сені сындырам-ау, – дегенде Қарабатыр тұра қашады. Сол кезде мылтықпен басып салады. Баласы мен Байғұлан халқын аман алып қалып, бұрынғысындай қолына келіп, барша мұратына жетеді /3, 111/.

Мұндағы қарудың сипаты (сегіз адам зорға көтеретіндей) оның иесін дәріптеуге қызмет етеді. Байғұланның өз қаруын беру арқылы ерен күш иесі екендігін тану - осының дәлелі.

Ал, «Боз атты Боран батыр» атты көне ертегіде бүкіл жұртқа қауіп төндіріп, адамзат баласын жер бетінен құртып жіберуді көздейтін қаскөй күштерге қаймықпай қарсы шығатын батыр тұлғасын армандау арқылы адам баласы өз өміріне тірек тапқан. Қаскөй күштерді (жезтырнақ, албасты, дию, дәу, шайтан) қаншалықты шегіне жеткізе құбыжық, ғаламат күш иесі етіп суреттесе де содан айласы мен ақылын, күш-қайратын арттыру арқылы адамзатқа игілік әперген батырлар бейнесінде халықтың тәуелсіздік, еркіндік жайлы ұғымдарының елесі бар. Мәселен, «Боз атты Боран батыр» ертегісі «Ерте заманда жезтырнақ деген жыртқыш шығып, адам баласына ауыр зиян салып, елді көктетпей қойыпты» деп басталады.

Ертегі бастамасындағы елге төнген зұлматтың бояуы онан әрі қалыңдай түседі. Ешбір айла-амал таппай дағдарған жұрт басында Боз атты Боран батырдың өзіне күмәнмен қарайды.

«Бұл кезде Боран батырдың ауылы аласапыран күйге түсіп, «Боран батыр жезтырнақтың мекенінен аман келе алмайды, оның темір тегеурінінен құтыла алмайды, жезтырнақ біздің тұқымымызды құртады», - деп дүрлігісіп, күңіреніп жатады. Боран батыр жезтырнақты жеңіп қайтқанда, қалың жұрт қабағат қуанып, ақсарбас айтып, ұлы жиын-той жасайды. Осыдан кейін де боз атты Боран батыр жезтырнақты жою жорығына әлденеше рет аттанып, үлкен олжамен оралып жүреді» [3.190].

Бұл ертегіде шежірелік циклденудің алғашқы элементтері бой көрсетеді. Мәселен, Жезтырнақпен күресу ісін енді батырдың қызы жалғастырады. Ол үшін қанша батыр болып, жезтырнақтың тұқымын жойса да оның шартына батыр көндігеді. Осы арқылы ертегіде жезтырнақтың да ұрпағының адамзатқа қаскөйлігі арқылы, оңай жау еместігі әсірелей көрсетіледі. Алайда әкелі-балалы екеуі бірігіп, жезтырнақтың тұқымын түгелдей құрту арқылы ертегі түйінделеді.

Ертегі түйінінде Боран батырдың қызының да батыр атанып, ел аузында «Боз атты Боран батыр және оның ұрпағы жезтырнақтың тұқымын құртқан екен» деген аңыз таралғандығы туралы айтылады.

«Көне эпостың кейіпкерлері өз мақсатына түрлі тәсілдер, айла-амалдар арқылы жетіп отырады. Алайда, қиял-ғажайып ертегілердегі сиқыр күштерден бұлардың елеулі айырмашылығы бар. Алдымен, мұнда сөздердің магиялық, дүниені өзгерткіш күшіне сену басым. Сондықтан да көне эпоста арбау-байлау (заговор-заклинание) өлеңдері үлкен орын алады. Екіншіден, ғажайып, сиқырлы заттарды қолға түсіріп, солардың көмегіне сүйену көне эпос үшін тән емес. Кейіпкер негізінен өз күшіне сенеді» /2, 127/. Ал, «Көкжан батыр мен айдаһар» ертегісінде мифологиялық жау айдаһардан әке кегін қайтарған ұл дәріптеледі.

Алдымен, ертегі заңдылығына сай, Көкжанның өз ерлігі мадақталады. Ол - көне аңшы, мерген қасиетін сақтаған, құралайды көзге атқан батыр, барлық сынақтардан мүдірмей өтіп, көптен дараланған тұлға.

Көкжан батырдың бірнеше рет бағын сынауға тәуекел етуі, мұнысын жолдастары да қош көруі, жамбысын атып түсіріп, балуанын жер қаптырып, қызды алуы, екінші қызды екінші досына сыйлауы, алтау болып жол жүріп келе жатып, қыз ұзатып, той жасап жатқан үшінші ауылға кезігіп, мұнда да қыз әкесінің талабына сәйкес, Көкжан батырдың тағы да балуанын жығып, алтын қабағын атып түсіріп, қызды алуы, үшінші қызды қасындағы үшінші жолдасына

қосуы батырдың үйлену, отбасылық сынақтан өтуі – «көне эпос сюжеттерінің ішіндегі ең кең таралғаны – батырдың үйлену мақсатындағы жорықтары және осыған байланысты түрлі сынақтан өтуі. Бұл сюжеттің іштей өрілу жолдары әр жылдарда түрліше болып келе беруі мүмкін. Мәселен, батыр қыздың жақын туыстарымен, немесе түрлі жауыз күштермен, я болмаса қыздың өзімен жекпе-жекке шығады. Батырдың өзіне жар таңдап, әрі оны өз күшімен алуы – қалыптасқан типтік сюжет. Бұл кейін батырлық жырына да ауысқан. Алайда, батырдың үйлену сюжетінің басқа да түрі кездеседі. Тұңғыс тілдес халықтардың эпикалық дәстүрінде інісі ағасына әйел әпереді, ал, ненецтердің жырларында, ағалары кіші інісіне қалыңдық таңдайды, құда түсіп, қызды алып қайтады. Қайтар жолда батыр жаумен соғысып, оны жаңа үйленген қалыңдығының көмегімен жеңіп шығады» /2, 275/.

Осындай батыр көне нанымға сәйкес өліп, қайта тіріледі де ертегі оқиғасын әрі қарай ширата түседі. Болжаушылар алдынала болжап, оның өлгенін білсе, сиқыршылар оны тірілтеді. Енді батыр бұрынғы кегін қайта қуады.

«Енді Көкжан батыр айдаһарды іздейді. Бірнеше ай жол жүріп, айдаһардың тұрған жеріне келсе, айдаһардың қасында торы атты бір қара жігіт жатыр екен. Анадайдан көріп, қара жігітті Көкжан батыр атады. Қара жігіт қозғалмайды. Қанша атса да оғы дарымайды. Ата-ата батырдың оғы таусылады.

Тіпті болмаған соң, Көкжан батыр қара жігіттің қасына келіп, жөн сұрайды:

– Мына сенің өлтірген айдаһарың менің досым еді. Сен оны неге өлтірдің? – дейді Көкжан батыр.

– Мен неге өлтірмейін. Мен анамның құрсағында жатқанда ол менің әкемді алып кетіпті. Сондықтан мен оны өлтіріп, кегімді алдым, – дейді қара жігіт.

– Әкең аты кім?

– Көкжан батыр.

Сөйтсе, ол Көкжан батыр елден кеткенде, іште қалған баласы екен. Әкелі-балалы екеуі сол жерде құшақтасып көрісіп, табысыпты, аман-есен еліне келіп, барша мұратына жетіпті /3, 249/.

Ертегінің басқа түрлерінде, мысалы қиял-ғажайып ертегілеріндегі батыр әрекеті оның жеке сапасын көрсетеді (батырлық, мергендік т.б.). Ол ру, тайпа, халық қамы үшін жалғыз өзі күресті өзі бастап, өзі аяқтайды. Оның ұрпағы жайында әңгіме болмайды. Талданып отырған ертегі сюжетінде шежірелік тұтастануға түскен батырлық жырлардың ықпалы тиген. Бұның дәлелі батыр мен оның алысатын жауы мифологиялық образ болғанымен, сондай-ақ өліп-тірілу, сиқырлы заттардың көмегі көрінгенімен ата кегін қуу, дұшпанына қаталдықтың ұрпақтан ұрпаққа жалғасуына көрсетуі батырлық, бостандық ұғымдарының ауқымы кеңейе түскендігін көрсетеді.

Мәселен, «Батыр мен бала» ертегісінің мазмұнындағы баяндалатын оқиғалардың басым көпшілігінің қиял-ғажайыптық сипаты басым болғанымен, жасы егде тартқан батыр мен жас батыр арасындағы диалог арқылы ерлік дәстүрдің мәні ашылады. Бұл эпостағыдай заңдылық емес, ертегі табиғатына сай, табиғи түрде баяндалады.

«Жүріп келе жатып екеуі бір тойға кездеседі. Тойға келсе, екі пар болып палуан күрестіріп жатыр екен. Бұлар келіп, бір аз жағына қосылып отырады. Бір уақытта ана жақтан бір отырғаны түйедей, тұрғаны үйдей бір балуан шығады. Бұлар отырған жақтан оған қарсы ешкім шықпайды. Бала батырға:

Ата, мен шықсам қайтеді? – дейді.

Батыр:

- Ойбай, қарағым-ау! Ананың түрі анадай, сенің түрің мынадай, өлтіреді ғой, немене, өзін бұрын ешқандай балуандығың болушы ма еді? – деп сұрайды. Бала:

– Ата, ешбір істеген батырлық, ерлігім жоқ еді. Бірақ мұнан да жасымда, бес-алты кезім болу керек, әкемнің бір кісі алатын бурасы болушы еді. Сол бура түйешіден басқа елдің бәрін алып тастап, жалғыз түйешіге тимеуші еді. Бір күні әлгі бура түйешіні де өлтіріп тастапты. Ауылдан адамды шығармай тұрып алды. Сонан мен «Осы аяқты малдан қорқып тұрсындар ма?!» деп, бураға қарсы шыға келдім. Бура аузын ашып, тап бергенде, мандайдан жұдырықпен қойып жіберіп едім, миы аузына түсіп өлді. Екінші, одан

кейін сол хабарды естіп, еліміздің бір қолбасы болған батыры менімен «бір жолықсам» деп, аңдып жүріп, бір күні қолымда қамшымнан басқа түгім жоқ, жылқы қайыра шыққанда әлгі жау болып тиіп, мені «ұрып таста!» – деп, сойылмен бастан салып өткенде, маған оның сойылы еш нәрсе етпеді. Мен өте бергенде, жанынан қамшымен осып жіберіп едім, қабырғасы сөгіліп кетіпті. Сол жерде тіл қатпай өліп еді. Осы екеуінен басқа ешқандай батырлығым да, балуандығым да жоқ, – деді» /3, 78/. Осы үзіндідегі бала батырдың алғашқы ерліктері оның болмысының бөлектігін танытып, болашақта қандай жағдайдан да қайтпайтын батыр тұлғасын даралайды.

Жас батыр мен қарт батыр әңгімесінде көне батырлық ертегіге де, эпосқа да тән күшті хайуанатпен (адам шайнағыш бурамен) бетпе-бет шайқаста жеңу арқылы танытса, екіншіден, жау жағының қолбасы батырымен жекпе-жекте мерейі үстем болып, алғашқы батырлық сынақтың тереңдей түскені көрінеді.

Себебі, «Батырлық ертегілер қиял-ғажайып ертегілердің көркемдік жүйесінің көптеген қасиеттерін өзіне қабылдаған, бірақ сөйте тұра, қаһармандық эпостың да бейнелеу құралдарын бойына сіңірген. Бұл жанрдың халық прозасының басқа жанрларынан айырмашылығының бірі — кейіпкерлердің белсенділігі мен күштілігі. Аса күшті әрі тапқыр болғандықтан ол сиқырлы күштердің көмегіне сирек сүйенеді. Батырлық қаһарманы — эпикалық қаһарман, оның ерлік істері қиял-ғажайып ертегілеріндей сиқырлы көмекшілерсіз-ақ жасалып жатады» /1, 231/.

Ал, батырлық ертегінің көркемделген үлгісі - «Ертөстік» ертегісіндегі «Ұлын жалмауызға беру» мен «Жалмауыздан қашу» мотивтері - алғашқы қауымдағы инициация ғұрыптарының елесі. Жалмауыз кемпірдің негізінде, көне матриархат тұсындағы рубасы шаман әйелдердің кәмелетке жеткен қыздарды сынақтан өткізетін образының қызметі сақталған. Яғни, оның ұлды сұрауының себебі – одан ер болуды талап ету,

кәмелетке толу ғұрыптарын атқаруды міндеттеу.

Ал, Ертөстіктің 8 ағасына бір үйден қалыңдық алуы - көне эндогамия салтының көрінісі. Экзогамиялық некеге дейінгі көне неке түрі эндогамия салты бойынша, рулас ағайындардың барлығы бір рудан немесе бір отбасыдан шыққан әйелдерге үйленген. Қаһарманның әкесіне қанша ұлы болса, сонша келін бір үйден табу міндеттелген.

Ертегіде жан туралы көне анимистік ұғымдар да көрініс тапқан.

1. Өкпе түріндегі жан. Суда жүзіп жүрген өкпені түрткенде, оның жалмауыз кемпірге айналатындығы туралы мотивтер көптеген ертегілер сюжетіне тән («Әлібек», «Жалмауыз кемпір», «Қасиетті бала» т.б). Бұл қазақтың су – о дүние, ондағы өкпе өлген адамының жаны, ал жалмауыз кемпір - өлілер патшалығының күзетшісі дейтін демонологиялық түсініктің көрінісі. Өкпе түріндегі жалмауыз кемпір өлгеннің жанының тыныштығын қорғайды, оған біреу қауіп төндірсе, өзінің қалпына келіп, тиісушіні жазалайды.

2. Жанның денеден бөлек өмір сүруі туралы түсінік. Мысалы: Шойынқұлақтың жанының елік ішінде сақталуында, қазақтардағы әр нәрсенің жаны, иесі, рухы бар, сондай-ақ ол адамның өзінен бөлек те өмір сүре алады дейтін анимистік түсініктің сілемі аңғарылады. Жанның орны әр түрлі тұрғыда көрінеді. Мысалы: Таудың ұшар басында, құдықтың түбінде, кейіпкердің семсерінде, өте сақ әрі беймәлім аңның немесе мақұлықтың қарнында т.б.

Батырлық ертегіге тән компоненттермен бірге, «Ертөстік» ертегісінің мазмұнында қиял-ғажайып ертегілерінің де көп белгілері бар. Оның көнелігін көрсететін: кейіпкердің ғажайып тууы мен жылдам өсуі, тілеп алған ұл, жалмауызға ұлын уәде ету, айдаһармен алысу, мифологиялық құс самұрықпен кездесу. Мұндай мотивтер Ертөстік ертегісіне классикалық сипат береді. Ертегіде кейіпкерлердің ғажайып тууы мен пайда болуы (кемпірдің төстікті жеуі) туралы ұғым (портеногенезис – ғайыптан

туу адамның аң мен өсімдіктен, кейде жансыз нәрседен, табиғат құбылыстарынан тууы) көрініс тапқан.

В.Жирмунский бұл ертегі сюжетінде – кейіпкердің «о дүниеге, өлілер еліне сапары туралы» түсінік жатқандығын атап көрсетіп, мұндай сюжеттердің алтайдың батырлық ертегілеріне де тән екендігін айтты. Және ол көне түркі халықтарының шамандық түсініктерімен тамырлас екендігін де тұжырымдады /4, 79/.

Қазақтың импровизатор ақыны Кенен Әзірбаев Ертөстіктің жеке сюжеттерін өлеңге айналдырып, кейіннен поэма деңгейіне көтерген.

М.Ғабдуллин бастапқы кезде оны «эпикалық поэма» деп атаса, бірде қиял-ғажайып ертегілерінің қатарына жатқызады да кейінірек «батырлық ертегі» деп атайды. Ертегі жанрының пайда болу, даму, өзгеру заңдылықтарын арнайы зерттеген С.А.Қасқабасов бұрын-соңды жіктеулердің барлығын назарда ұстай отырып, «батырлық ертегі» жанрына тән белгілерді ғылыми негіздейді. Батырлық ертегінің өзін архаикалық және қаһармандық эпос әсерімен пайда болып, жырдан туған батырлық ертегілер деп жіктейді де «Ертөстік» ертегісін көне батырлық ертегілерге жатқызады.

Батырлық ертегілердегі жамандық пен жақсылық көбіне табиғат пен адам арасындағы тартыстарға құралады. Түрліше тотемдік, мифтік образдармен бетпе-бет келетін мергендер мен бала батырлар ерлігі - болашақ қаһармандық эпос кейіпкерлерінің алғашқы арналары.

Ертегілердегі негізгі ойдың даму барысы әркелкі. Батырлық ертегілерде, мысалы, Ер Төстіктің әрекеті мен армандарында халық арманы мен мақсаты болған кейіпкер мадақталады. Өйткені, ол адам тірлігі үшін күресіп, оған кедергі келтірер күштерді жояды.

Қаһармандардың өздерінің сөйлеуінде, яғни монолог немесе диалог түріндегі тәсілдерде эпостық жырлардың ықпалы бар. Мысалы, Ерназардың жалмауыз кемпірмен диалогында кемпір сөзі прозаға, Ерназар сөзі поэзиялық монологқа құрылған. Өйткені, монолог қаһармандардың ой-сезімдері, қайғы-

қуанышы мен талас-тартыстарын тереңірек аша түседі. Соның нәтижесінде, образдың жанды бейнесі жасалады. Ер Төстік сюжетіндегі композициялық құрылым өзгешелігі де ондағы бір сарынды эпизм (сипаттау) тәсіліне лиризм, поэзия элементтерінің қосылуынан көрінеді.

Аталмыш ертегіде тартыс бірте-бірте күшейіп, бас кейіпкер үшін шиеленісті жайттар бірде ширғып, бірде шешіліп, күрделі тұрғыда өрбиді. Оқиғалар тізбегі бір емес, бірнеше бөліктерді қамтып, ортақ шешімге дейінгі, ортақ арнаға дейінгі құрылымды құрайды.

Ертегінің лексикасы мен синтаксисі халықтық ойлау тілінің байлығына негізделген. Тілі біздің дәуірімізге бұзылмай, шұбарланбай жеткен. Өйткені ол үлкен айтушылардың қолдарынан өткен. Ертегінің синтаксистік құрылысы бүгінгі әдеби тілімізден көп бөлек емес, көбіне күрделі құрмалас сөйлемдер кездеседі. Тілінде «Құба інген», «Ақсырмалды сауыт», «желі толған түйе» деген табиғи эпитеттер, қаратпа сөздер («арнап та алған Құба інген»), сағыныш, қуаныш, қайғыны білдіретін сөздер тіпті көп.

Қорыта келгенде айтарымыз, халық мұрасының бүгінге дейінгі құндылығы - халық тілінің қайнарынан сусындап, ана тіліміздегі бай да көркем халықтық ой орамдарын бүгінгі ұрпаққа жеткізуде. Фольклорлық шығармалардың тіл байлығы айтушы, жеткізушінің биік табысы болуымен қатар, қазақтың бүгінгі әдеби тілінің де негізін қалаған. Онда халықтың тәуелсіздік, бостандық жайлы арман-аңсарларымен бірге, көне тілдік қорымыздың қазынасы сақталған. Ол батырды мадақтауда, жау күштерді сипаттауда, оқиға өрілімін кестелеуде т.б. тұстарда анық байқалады. Әрбір ертегі мен эпостың өзара ықпал әсері де әрқилы. Бірде батырдың ерлік мотиві басымдық алса, енді бірде жау күштерді суреттеу, я болмаса, көркемдік амал-тәсілдер тұрғысынан сабақтасады.

1. С.Қасқабасов. Жаназық. - А.2002. – 583б.
2. Ш.Ибраев. Көне эпос// Қазақ әдебиетінің тарихы. Фольклорлық кезең. 1-том.–А, 2008.– 808 б.

3. Ертегілер. 4 том.- А., 1989.- 302 б.

4. Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос.- Л., 1974.- С.580.

В данной статье показано влияние эпоса на жанр – сказки, так как эти жанры в идейном отношении тесно взаимосвязаны. Для

подтверждения этого тезиса автором приводятся множество примеров.

In given article is shown influence ephos on genre-fairy tales, since these genres in ideas attitude closely interconnected. The ensemble example happen to for acknowledgement of this thesis author.

Г.И. Байгунисова

ЭКСТРАЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ КОМПОНЕНТ ПРИ ФОРМИРОВАНИИ ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКОГО ПОЛЯ

Как известно, язык является одним из основных признаков нации, в котором выражается национальная культура народа. Лингвистическая репрезентация деятельности человека вышла на первое место на современном этапе развития языкознания. Повышенное внимание к проблемам изучения когнитивной деятельности человека объясняется стремлением выяснить, как преломляется мир в сознании представителя той или иной нации. Анализируя языковые единицы, прослеживая их взаимосвязь с исторически сложившейся денотативной сферой и социокультурной средой, мы получаем возможность классифицировать и категоризировать явления и объекты окружающего мира, выявлять существующие связи, проявляющиеся в лексико-номинативном пространстве языка.

Анализировать культурную обусловленность путей познания определенного отрезка действительности носителями языка, устанавливать связь между познавательной деятельностью языкового коллектива и представлением им знаний о языке позволяет когнитивный подход. Когнитивный подход к тенденциям развития того или иного явления в диахроническом аспекте дает более полную картину формирования языковых единиц, отражающих определенную сферу человеческой деятельности.

Историческое развитие общества приводит к когнитивному усложнению всех сфер человеческой деятельности. Поэтому когнитивный подход, на наш взгляд, позволяет учитывать социо-культурный компонент в сочетании с культурой народа в

широком этнографическом смысле слова, в особенности компонентов культуры, содержащих национально-специфическую окраску.

Основываясь на материалах лингвокультурологического поля определенных номинативных единиц, можно продемонстрировать взаимосвязи, возникающие в культурно-языковом пространстве, описать влияние факторов экстралингвистического характера на процессы развития и функционирования лексики разносистемных языков. При описании общих и специфических языковых процессов внутри данного поля вырисовываются темпорально меняющиеся закономерности употребления номинативных единиц определенной направленности. Компоненты лингвокультурологического поля представляют собой и лексическую подсистему, компоненты которой связаны с окружающей действительностью, и является также схемой опыта людей в данной области.

В качестве элементов лингвокультурологического поля часто выступают лексико-семантические варианты слов. По своей природе границы этих полей относительны. Количество элементов поля не ограничено. Иногда в структуре полей появляется возможность выделить различного рода микрополя. Как правило, под микрополем принято рассматривать относительно замкнутый ряд лексических единиц, объединенных одной и той же архисемой более конкретного содержания, чем архисема всего поля.

Если рассматривать структуру лингвокультурологического поля, то станет оче-